

АҚТАҢҒЕР

Қазақстанның Еңбек Ері Сайран Бұқанов туралы сөз

Әлібек ЫБЫРАЙ

Тіршілігіне кісі қызығар, пайым-парасатына жан сүйсінер адамды атақ пен абырой өзі іздеп табады. Өйткені, ондай кісінің істеген ісі – ілкімді, шаруасы – мұқият. Негізі, адамның адамшылығы – мейірімі мен көңіл шуағының өзінен артылып, өзгеге сәулесін түсіруінде, ары мен жанын ізгілікке толтыра білуінде сияқты. Ұрпағына берер ұлағаты өз қимыл-қарекетіне сай, білім-білігі бүгінгі берекетінің айғағы болса, қалай сүйсінбей тұрарсың?! "Сүйер ұлын болса сен сүй, сүйінерге жарар ол!"

Ауылшаруашылығының нағыз

шылықтардың тоз-тозы шығып, тұйыққа тірелгенде баяғы "Харьковтың" негізінде құрылған "Қарқын" ЖШС мыңқ еткен жоқ. Бұл ұйымдастыру қабілеті зор, алысты больжай білетін Сәкеннің көрегендігі еді. Кейін "Қарқын" серіктестігі облыстағы ең озық шаруашылықтардың біріне айналды. Төскейі түлікке толды. Бітік егін береке мен молшылықтың қазанына айналды. Мұның бәрі темірдей тәртіп пен тынымсыз еңбектің арқасында келген несібелер еді. Сол үшін осы Сәкендер күн-түн қатып жүріп жұмыс істеді. Ешбір қиындығыңызға мойыған жоқ. Керісінше,

дай сан сынақтан сүрінбей өтіп, сауабы мол істен шет қалмай, өзінің адамгершілігімен дараланған, қол қайыры мол жанды ауыл тұрғындары ғана емес, барша облыс жұртшылығы әлі күнге дейін құрмет тұтумен келеді. Адал ақы, мандай терімен келген еңбегі еленді. Омырауына мемлекеттік наградалар ілді. Облыста алғашқы болып Қазақстанның Еңбек Ерінің Алтын жұлдызын кеудесіне таққан да осы Сайран аға. Жұмыс бабымен жүргенде Сәкенмен талай сырластық.



ақтаңгері Сайран Балкенұлы туралы сөз қозғалса, данышпан Абайдың осы бір тәмсілі ойға орала кетеді. Ол үлкен жетістікке жету жолында тіршіліктің сан саласын бастан кешті.

Ел іші Балкен деп атап кеткен әкесі Балмырза жарықтық небары 37 жасында дүние салып, Сайран, Сайлау, Сәулелер ерте есейді. Қатарынан қалмауға тырысып, ерте жұмысқа жегілді. Бозбала Сайранның жасы он сегізге қараған жылы Целиноград ауыл шаруашылығы институтына түсіп, оны ғалым-агроном мамандығы бойынша оқып, тауысуы шиеттей бала-шағаны бағып-қаққан Ақлима ананың көңіліне шуақ ұялатты. Көп ұзамай мамандығына сәйкес жұмысқа орналасып, Мендіқара ауданындағы "Теңіз", "Борки", "Ақсуат" кеңшарларында жайқалтып егін өсірді. Қай шаруашылықта болсын Сәкең өзіне жүктелген міндетті абыройлы атқаруымен дараланды. Оның осы қабілетін байқаған облыс басшылығы 1984 жылы "Харьков" кеңшарына директор етіп тағайындады. Онда Сайран Балкенұлы небары 34-ақ жаста еді. Содан бері талай уақыт өтті. Кеңшарлар таратылып, шаруашылықтар бөлініске түскенде Сайран аға өзі басқарған шаруашылықтың шашауын шығармай сақтап қалды. Кеңшардың бар мүлік-мүккамалын ешкімге ұстатқан жоқ. Өйткені, жылдар өте келе оның қажеттігі туындайтындығын түйсінді. Өзге шаруа-

Заманның заңғар тұлғасы (Толғаудан үзінді)

...Сайраным, құтты болсын басындағы,
Мерейтой – жалғандағы жасыл бағың.
Тік тұрып, жыр оқиын саған арнап,
Сан өрден өмір көшін асыр жаным!

Бақыттың арайы ойнап келбетінде,
Сүре бер ғұмыр-дәурен жер бетінде.
Тілеулес құрбың көп боп бүгінгідей,
Танысын қадырынды ел тегінде.

Келеді абырой-бақ кезегінде,
Ізгілік, ұлағатты сезер кім де.
Жайылды қалың елге жақсы атағың,
Еліңнің дәуірлік бұл кезеңінде.

Ұғардай көптің күйі, елдің мұңын,
Кемеңгер кемел жасқа келдің бүгін.

Ақ жүрек болмысыңнан таниды жұрт,
Баталы, елге жаққан ердің бірін.

Ұлтыңа ұлағат боп нұрлы арманың,
Өзіңнен озсын ұл-қыз ұландарың.
Көбейіп немере мен шөберелер
Замана көшін тартсын бұлар дағы.

Мәңгі ұлы, мәңгі жалқы, бір қалыпты,
Сақта Алла Сайран мырза Бұқановты.
Қазақтың ақ баталы, аталы ұлын
Өсірген мерей, даңқын бұл халықтың!

**Жолбарыс қажы БАЯЗИД,
Қазақстан Жазушылар одағының
мүшесі,
Қостанай облысының және
Мендіқара ауданының құрметті
азаматы.**

жермен жұмыс істегелі түйген тәжірибесі мен бойындағы іскерлік қабілетіне жүгінді. Алдағы күнге зор үміт артты. Уақыт бір орнында тұрмайды. Алғашқы нарықтық қатынастардың қиындығы біртіндеп алыстай бастады. "Қарқынның" көгінде күн күлімдеді. Жетістікке жетістік қосылды. Сайран аға басқарған шаруашылықтың аты дүркіреп шықты. "Жігітті кейде баршылық сынайды, кейде таршылық сынайды" дейді. Осын-



– Осындай жетістікке бірден жеткенім жоқ. Кәсібімді жай шаруашылықтан бастағанмын. Сол кездің өзінде алдыма аласармас биік мақсат қойып, өмір бойы соған жетуге талпындым. Қолымнан келмейтін істі меңгеріп, келетін істі одан әрі жетілдірдім. Намысты ту етіп ұстадым. Ешкімнің ала жібін аттамай, берекелі ғұмыр кешу басты ұстанымыма айналды. Қандай жетістіктерге жетсем де, ол – халықтың арқасы екенін әркез есімнен шығарған емеспін. Әсіресе, жастық шағымызда көптеген адамның көмегін көрдік. Енді өмірдің ащысы мен тұщысын сезініп отырған кезде, біз де кейінгі буынға білгенімізді үйретіп, жөн сілтеп келеміз. Ерінбей еңбек етемін деген азаматқа кәсіптің қыр-сырын үйретуді өзімнің ағалық парызым деп санаймын. Адалдықтың исі аңқыған жерде әрқашан табыспен парасаттың туы желбірейді, – деген ана жолы әңгімелескенімізде. – Мен өмір бойы халықпен жұмыс істеп келемін. Отыз алты жыл бойы шаруашылық басқардым. Кеңестік дәуірде "Ақсуат" мал бордақылау кеңшары мен "Харьков" кеңшарына директор, ел тәуелсіздігін алған жылдардан бері "Қарқынға" жетекшілік еттім. Сол кезде қарапайым халықпен бірге жүріп, бірге тұрдым. Мен өзі қаршадайымнан қара табан болып еңбекке ерте араласқандықтан шығар, маңдайдан сорғалаған ащы тердің дәмін білемін...".

Іскер басшы, ұлтжанды азамат

"...Харьков ауылы мен үшін өте ыстық. Осы жерде өсіп-өндік, абыройға бөлендік. Сол себептен де әрдайым ондағы игі жаңалықтарға сүйсініп, сырттай тілектес болып отыратыным да ешкімнен жасырын емес. Бұл жер қазір бұрынғыдан да көркейе түсті. Экономикасы өркендеп келеді. Іскер басшы, ұлтжанды азамат, Қазақстанның Еңбек Ері Сайран Бұқанов ініміз басқаратын "Қарқын" жауапкершілігі шектеулі серіктестігін білмейтіндер кемде-кем. Ауылдың әлеуметтік бейнесі айтарлықтай өзгерді. Ондағы мектептер, мәдениет ошақтарының жұмысы жанданды. Сондықтан мұнда көшіп келушілер бар да, кетушілер жоқ. Елді мекенде еңбек адамдарының алаңсыз жұмыс істеулеріне барлық жағдайлар жасалған.

**Кәмшат ДӨНЕНБАЕВА,
Социалистік Еңбек Ері.
(Естеліктен).**



1984 жылы осы Сайран Балкенұлы "Харьков" кеңшарына директор болып тағайындалғанда шаруашылықтағы жетекші мамандардың бәрі өзге ұлт өкілдері-тұғын. Арасында бірде-бір қазақ жоқ. Бірде бөлімшеге барған, оның да басқарушы орыс жігіті. Білімі – орта дәрежелі. Ал, есепшісі жоғары білімді қазақ. Бұл сол кездегі саясаттың сиқы еді. Тіпті, техниканың да ескісі қазаққа тиеді. Содан Сәкең кеңшардағы епсекті, қолынан іс келетін жігіттерге жаңа техника бергіздіреді. Үш бөлімшенің басқарушылық тізгінін сенімді ақтайды деген қазақ азаматтарына ұстатады. Бас зоотехник, бас мал дәрігері, бас прораб, бас ин-



бөлігі "Харков" кеңшарында өтті, бірақ, балалық шағымның ізі қалған ауыл маған өте ыстық көрінеді. "Елу жылда ел жаңа...", – дейді біздің қазақ. Бәрі өзгерді. Ертеде әжем марқұм: "Осы Марке екі рет өліп, екі рет тірілді", – деп айтып отыратын. Ол кезде баламыз, сөзге онша мән бере қоймаймыз. Біздің қазақтың тамыры ауылмен байланысты. Салт-дәстүр, рухани байлықтың бәрі ауылдан басталады. Өкінішке қарай, қазақ қазір қит етсе қалаға көшеді. "Туған жерге туынды тік!" деген сөз бекерге айтылмаса керек. Негізі, халыққа жұмыс тауып берсе, жақсы жалақы төлесе, лайықты жағдайын жасаса, ауылдан ешкім кетпесі

женерлерді өз қандастарымыздан тағайындады. Олардың бәрі жоғары білімді іскер азаматтар. Саясаттың құрбанына айналып,



Ауылдың берекесі

Мен тоқсаныншы жылдардағы қиындықтың барлығын осындағы ауылдастарыммен бірге көрдім. Еш жаққа көшпегендердің бірімін. Себебі, "Харьков" кеңшарын басқаратын Сайран Бұқановқа жұрттың іштей сенімі күшті болды. Сайранға жерімізді бірден сенім артып бердік. Содан бері ол ауылды көркейтуден, адамдардың жағдайын жасаумен келеді. Ауылда жұмыс таппай, қарап жүрген ешкім жоқ. Егін де, мал да, құрылыс та, кәсіпкерлік те бар. Қазір ауылға ауыл қосылып жатыр. Қазақстанның Еңбек Ері Сайран Балкенұлын жұрт бұрыннан Ер-Азамат деп білетін. Адал еңбектің, адамгершіліктің әділ бағасы осы болар!

Жақсылық ҚҰРМАНҒАЛИЕВ,
еңбек ардагері.
(Естеліктен).

жүз шақты үйлі шағын ғана ауыл-тын. Бір жағы "Қошқар", екінші жағы "Орыс өлген" деп аталады. Сол екі арада биік дөң болатын. Сәкеңнің ауылы сол дөңнің үстінде. Қазір онда ешкім жоқ. Бәрі тып-типыл. Тек, ата-

бабаларының зираты қалды. Жыл сайын екі-үш мәрте соғып, құран бағыштайды. "Әлгі дөңге көтерілгенде жүрек солқылдайды. Білмеймін, неге екенін?! Туған жердің күдіреті деген сол шығар, бәлкім! Менің өмірімнің көп



анық. Бұл бір мәселе. Екіншіден, ауылға балабақша, мәдениет үйі керек. Жол, ауыз су қажет. Қазір мұғалімдер неге ауылға бармайды? Онда қаладағыдай көп сынып жоқ, сағаты да аз. Сондықтан жаалақысы да мардымсыз. Адамды тұрмыс билейді. Қазір дәрігер, мұғалім сияқты мамандық иелері ауылға барып, от жаққысы келмейді. Демек, жас мамандарды өңірлерге жіберу үшін, алдымен оларға лайықты үй-жай салып беру керек. Шалғай елдімекендердің әлеуметтік жағдайына жіті мән беру қажет. Сонда ғана туған жердің түтіні түзу ұшады", – дейді Сайран Балкенұлы. Өмір бойы жер еміп өскен қарапайым шаруадан білікті ауылшаруашылық басшысы деңгейіне дейін шырқаған танымал қоғам қайраткерінің ауыл десе қоярға жаны бөлек. Ол үнемі биік мінберлерден ауылдың жайын сөз етеді. Тағдырына алаңдайды. Ауылдың бар мәселесін көтерген көлемді мақалалар жазу да машығына айналған. Өйткені, ауыл қазақтың жаны екенін жақсы біледі, жаны ашиды. Қазір ауылдың тамырына қан жү-гіртпесе, ертең олар бала боп шыбықты ат қып мінген баяғы дөң басындағы өз ауылының кебін киноі мүмкін деген қорқыныш билейді оны. Нағыз қамқор азаматтың сөзі! Аман болыңыз, аға!

төменшектеп жүрген олар кейін сенімді ақтады, ұятқа қалдырған жоқ. Кешегі тың игеру жылдары қазығы қағылған "Харьков", һәм "Қарқын" ауылы Сәкеңнің туған жеріне айналып кеткендей. Бар мейірін осында төгеді. Бар білігі мен білімін осыған сарп

етті. Алайда, бәрібір адам өзінің кіндік қаны тамған топырақтан ірге көтеріп кетпейді екен. Әркімге туған жері Мысыр шаһар емес пе! Туған жер – ол сенің ата қонысың. Сайран ағаның кіндік қаны тамған жер – екі көлдің ортасында орналасқан,